

ӘӨЖ: 94(517.3+574+510) «16/17»

FTAMP: 03.09.31

DOI 10.56525/WMZL8520

ҒАЛДАН-БОШОҚТЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖОҢҒАР ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ ҚАЙШЫЛЫҚТАР

Г.Б. Қамиева

Есенов университеті, Ақтау, Қазақстан

e-mail: alpakon02092000@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада XVII ғасырдың соңғы отыз жылындағы Жоңғар хандығының саяси дамуы Ғалдан-Бошоқтының қызметі негізінде қарастырылды. Зерттеу барысында оның мемлекетті орталықтандыруға бағытталған ішкі саясаты, сыртқы саяси ұстанымдары және Ресей мемлекеті, Цин империясымен жүргізген дипломатиялық байланыстары талданады. Сонымен қатар, Ғалданның билікке келуі, Жоңғар хандығындағы орталық билікті нығайту шаралары, Шығыс Түркістан мен Халха аумағына ұйымдастырған әскери жорықтары, сондай-ақ Цин империясымен болған ірі әскери қақтығыстардың алғышарттары мен тарихи барысы жан-жақты сараланады. Зерттеу нәтижелері Ғалданның геосаяси әрекеттерінің бірнеше бағытта қатар жүргізілгенін көрсетеді. Бір жағынан, ол Ресеймен ясақ салығы мәселесіне байланысты тиімді келісім орнатуға ұмтылса, екінші жағынан Цин империясымен саяси бәсекелестік пен әскери қарсылық жолына түсті. 1688 жылғы Халха жорығы Жоңғар хандығы мен Цин империясы арасындағы ауқымды соғыстың басталуына алып келді. 1690 жылғы Улан-Бутун және 1696 жылғы Дзун-Мод шайқастары бірінші ойрат-маньчжур соғысының тағдырын шешкен маңызды әскери оқиғалар ретінде қарастырылады. Ғалданның әскери-саяси жеңілісіне Цеван-Рабданның ішкі қарсылығы, Халха билеушілерінің Цин империясының бодандығын қабылдауы және Жоңғар хандығындағы экономикалық қиындықтардың күшеюі негізгі себептердің бірі болды. Мақала аталған кезеңдегі Орталық Азияның геосаяси тарихын жаңа ғылыми еңбектер мен зерттеулер негізінде толықтыра түседі.

Түйін сөздер: Ғалдан-Бошоқты, Жоңғар мемлекеті, Цин империясы, Халха өңірі, ойрат-маньчжур қақтығыстары, геосаяси қайшылықтар, Дзун-Мод шайқасы.

Кіріспе

XVII ғасырдың екінші жартысы Орталық және Шығыс Азия кеңістігіндегі саяси үдерістердің түбегейлі өзгеруімен ерекшеленді. Дәл осы кезеңде аймақтағы күштер арақатынасы қайта қалыптасып, Жоңғар хандығы ықпалды әскери-саяси мемлекеттердің біріне айналды. Ғалдан-Бошоқты тұлғасы мен оның жүргізген саясаты осы кезеңдегі аймақтық тарихтың өзегін құрайды. Тақырыптың ғылыми өзектілігі бірнеше бағытта айқындалады. Біріншіден, Жоңғар хандығының тарихы Орталық Азия халықтарының тарихи дамуымен байланысты болғандықтан, оны зерттеу аймақ тарихын кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, қазіргі кезеңде Орталық Азиядағы мемлекеттердің тарихи байланыстары мен ортақ тарихи мұрасын жаңаша пайымдау мәселесі маңызды ғылыми бағыттардың біріне айналып отыр. Үшіншіден, Ғалдан-Бошоқты дәуіріндегі ойрат-маньчжур қатынастары мен геосаяси қақтығыстарды талдау арқылы XVII ғасырдың соңындағы халықаралық қатынастар жүйесінің ерекшеліктерін тереңірек түсінуге болады.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Ғалдан-Бошоқты билігі тұсындағы Жоңғар хандығының ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін, сондай-ақ сол кезеңдегі геосаяси қайшылықтардың туындау себептері мен тарихи салдарын кешенді түрде саралау.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының деректік негізін Жоңғар хандығының тарихына, Ғалдан-Бошоқтының саяси қызметіне және Орталық Азиядағы геосаяси үдерістерге қатысты ғылыми еңбектер, электрондық дереккөздер мен зерттеу материалдары құрады. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, жүйелеу әдісі,

дереккөздерге сыни талдау, мәтіндік және мазмұндық талдау әдістері қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы Жоңғар хандығының Цин империясымен, Ресей мемлекеті және Халхамен қарым-қатынастары өзара салыстырылып қарастырылды. Жүйелеу әдісі тарихи оқиғаларды хронологиялық және тақырыптық тұрғыдан топтастыруға мүмкіндік берді. Мәтіндік және мазмұндық талдау әдісі әскери-саяси оқиғалардың себептері мен салдарын айқындау мақсатында қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. XVII ғасырдың соңына дейін Жоңғар хандығының алғашқы билеушісінің барлық ұрпақтары оның сыртқы саяси бағытын жалғастырып отырды. Бұл жағдай мемлекеттің гүлденуіне алып келді. Жоңғар хандығы әскери жорықтармен қатар көршілес елдермен сауда қатынастарын белсенді жүргізіп, егіншілік пен мал шаруашылығын да дамытты. XVII ғасырдың соңғы үш онжылдығындағы ойраттардың ғана емес, жалпы Орталық және Шығыс Азия халықтарының саяси тарихы Ғалдан мен оның туған ағасы Сенгенің қызметімен тығыз байланысты болды [1, 147-6].

Ғалдан-Бошоқты (1644 – 1697) – Батыс Моңғолияның мемлекеттік және әскери қайраткері, Жоңғар хандығының билеушісі Батыр-қонтайшының ұлы болды. Ол Энса-тулкудың (Индзан-хутухта) қайта туған бейнесі ретінде танылып, жеті жасынан бастап Лхасадағы басты монастырьлардың бірінде білім алды. Шамамен 1660-жылдардың ортасында Тибеттен оралғаннан кейін діни және қоғамдық-ағартушылық қызметпен айналысты. Алайда оның ағасы, Жоңғар ханы Сенге тақ мұрасы үшін болған өзара тартыс барысында өлтірілгеннен кейін, Ғалдан 27 жасында діни лауазымынан бас тартуға мәжбүр болып, Жоңғар хандығының билігін өз қолына алды (1671 – 1697). Бұл кезеңде Жоңғар хандығы ірі әрі қуатты мемлекеттік бірлестік ретінде танылды. 1679 жылы Ғалданға далай-лама «Бошоқты-хан» деген құрметті атақ берді. Бұл атақ «құдайдың жарылқауымен хан болған» деген мағынаны білдірді. Аталған мәртебе оның беделін арттырып, Орталық және Орта Азия елдерінде, Қиыр Шығыста және Ресейде саяси ықпалының күшеюіне ықпал етті [2, с. 663].

Билікке келгеннен кейін Ғалдан Жоңғар хандығындағы мемлекеттік басқару жүйесін күшейтуге бағытталған шараларды жүзеге асыра бастады. Ол Халха хандығымен, қазақ тайпаларымен және Шығыс Түркістанмен соғыстар жүргізді. Соның нәтижесінде Ғалданның әскері жаңа жауынгерлермен толықтырылып, оның әскери күші арта түсті. Көптеген замандастары уақыт өте келе жоңғарлар Моңғол империясының орнына өз билігі астында жаңа ірі мемлекет құруы мүмкін деп есептеді [3].

1670 – 1680 жылдары Ғалдан аралас экономиканы дамытуға ерекше көңіл бөлді. Мал шаруашылығы, қолөнер және егіншілік қатар дамытылды. Экономикалық және мәдени орталықтар қызметін бұрынғыдай «тас қалашықтар» – буддалық дацандар атқарды. Ғалдан-Бошоқты билігі тұсында бірнеше храм-монастырьлар салынды: 1672 жылы – Очиртуханкийд, 1676 жылы – Бошоқтуханкийд. Сонымен қатар осы кезеңде Шығыс Қазақстан аумағында кейінгі Семей қаласының негізіне айналған әйгілі «Жеті палата» кешені тұрғызылды. 1680-жылдардың басында Ғалдан-Бошоқты-хан 1640 жылғы «Их Цааз» немесе «Далалық ережеге» толықтырулар енгізді. Бұл өзгерістер Жоңғариядағы орталық хан билігінің нақты күшеюін бейнелейтін ережелерді қамтыған болуы ықтимал [4].

1678 жылы ол хандық аумағында қатаң әкімшілік тәртіп орнатуды көздейтін арнайы жарлық қабылдады. Бұл құжатта басыбайлық қатынастарды нығайту, «ұрлық» деп танылған әрекеттерді шектеу және еңбекші халықтың ел аумағында еркін көшіп-қонуына тосқауыл қою мәселелері қамтылды. Ғалдан ішкі саяси күресте діни ортаның қолдауынсыз толық жеңіске жету мүмкін еместігін жақсы түсінді. Осы себепті ол буддалық шіркеумен тығыз байланыс орнатуға ұмтылды. 1671 жылы Ғалдан Жоңғар хандығының билеушісі ретінде Қытайдан Ресейге қайтып бара жатқан Сеитқұл Аблинді қабылдап, онымен бірге Ресей мемлекетіне өз елшілерін аттандырды. Оның сыртқы саясаттағы басты мақсаттарының бірі Ресеймен ясақ жинау мәселесі бойынша өзара келісімге келу болды. Красноярск воеводасы Сумарковқа жолдаған алғашқы хатында Ғалдан Сенгенің қаза тапқанын хабарлап, бұрын ойрат тайшыларына бағынышты болған қыштым халықтарынан ясақ жинауға өз құқығы бар екенін мәлімдеді. Сонымен қатар ол бұл халықтардан орыс өкіметінің де ясақ алуына қарсы еместігін

көрсетті. Ойраттардың әскери қысымының нәтижесінде орыс қазынасына түсетін ясақ көлемі азая бастады. 1672 жылы Красноярск воеводасы Хрущов Донжин тайшының елшісі арқылы Ғалданның сауда керуенін жібергені туралы хабар алды. Жергілікті орыс әкімшілігі Ғалдан ясақ мәселесін күш қолдану арқылы шешуге тырысуы мүмкін деп қауіптенгенімен, мұндай күдік негізсіз еді. Ғалдан Ресеймен ашық соғысқа мүдделі болмай, керісінше өзара тиімді келісім орнатуға ұмтылды. Ол Ресей бодандығына өткен бұрынғы ойрат қыштымдарынан ясақ жинау құқығын заңдастыруды көздеді. Москва өкіметі Ғалданның ясақ мәселесіне қатысты ұсыныстарын қабылдамай, 1673 жылы жоңғар елшілеріне Ресей бодандарының оған ясақ төлеуіне рұқсат берілмейтінін мәлімдеді. Сонымен бірге патша билігі Ғалданның Сібірдегі қырғыз жерлеріне орналасқаны және қырғыздар мен тубиндер арқылы Сібір қалаларына шабуыл жасау ниеті туралы хабардар екенін жеткізді. Алайда бұл жағдай екі мемлекет арасындағы дипломатиялық байланыстардың тоқтауына әсер етпеді. 1671 – 1680 жылдары Ғалдан Москва мен Сібір қалаларына бірнеше елшілік аттандырса, Ресей де Жоңғарияға өз өкілдерін жіберіп отырды. Ресей билігі шекаралық тұрақсыздықтың күшеюіне жол бермеуге мүдделі болды. 1680 жылы Ғалдан Кузнецк қаласына арнайы елші жіберіп, қақтығыстарды тергеуге, кінәлілерді жазалауға және келтірілген шығынды өтеуге дайын екенін білдірді. Тергеу қорытындысында Кузнецк өңіріндегі тәртіпсіздіктерге Ереняк князь кінәлі деп танылды [1, 151-157-бб].

XVII ғасырдың 70-жылдарының соңында Ғалдан өзінің ағасы Сенге ұстанған саясатты жалғастырып, Шығыс Түркістандағы қаратаулық және ақтаулық қожалар арасындағы саяси күреске араласты. Осы күресті тиімді пайдаланған жоңғар билеушісі аймақтың елеулі бөлігіне өз ықпалын орнатуға қол жеткізді. Ұйғыр қоныстары мен қалаларына бақылау орнату Жоңғар хандығының экономикалық жағдайының күшеюіне елеулі ықпал етті. Шығыс Түркістанның материалдық ресурстарын және сол кезеңде ойраттарға тәуелді болған Сібір халықтарының мүмкіндіктерін тиімді пайдаланған Ғалдан XVII ғасырдың 80-жылдарының басында Қазақ хандығына және Орта Азиядағы мемлекеттік бірлестіктерге қарсы әскери жорықтарын бастады. Ол Оңтүстік Қазақстанның кең аумақтарын және Орта Азияның бір бөлігін өз ықпалына қаратқанымен, жоңғар әскерлерін Орта Азияның ішкі өңірлеріне одан әрі терең енгізуге барған жоқ [5, 49, 52-бб]. XVII ғасырдың 60-жылдарында жоңғарлар мен қазақтар арасындағы қақтығыстар біршама бәсеңдеген еді. Алайда Ғалдан-Бошоқты билігі кезінде бұл соғыстар қайта күшейді. 1681 жылы және 1683 – 1684 жылдары жоңғар жасақтары Шу өзенінен өтіп, Сайрам қаласын басып алды. Кейін олар Ферғана аңғарына дейін жетіп, аймақты тонауға ұшыратты [6].

Ғалдан билігінің алғашқы жылдары ішкі саяси қарсыластарымен күрес жүргізу, мемлекетті нығайту және Ресей мемлекеті мен Цин империясымен қатынастарды реттеу шараларымен сипатталды. Сонымен қатар ол Моңғолиядағы бытыраңқы жерлерді өз билігіне біріктіріп, Қытай ықпалын әлсіретуді көздеді. Осы мақсатта Қытайға тәуелділігін мойындаған князьдарға қарсы әскери жорықтар ұйымдастырды. Алдымен хошоуыт билеушісінің иеліктерін басып алып, 1678 жылы Ордостан Кукунорға дейінгі аумақты билеген Очирту-Цецен-ханға қарсы соғыс жүргізді. Нәтижесінде Ғалдан қарсыласын жеңіп, оның иеліктерін өз бақылауына қаратты [5, 49-б].

Чохур-Убаши мен Очирту-Цецен-ханның талқандалуынан кейін Ғалдан ойраттық чулгандағы негізгі билеушіге айналды. Алайда билік үшін күрес барысында оның қатал саясатына наразы болған бірқатар ықпалды ойрат князьдары ата қоныстарын тастап, Еділ бойы мен Кукунордағы ойрат иеліктеріне қоныс аударды. 1672 жылы Хундулен-тайшы мен Соном-Церен-тайшы өз ұлыстарымен Еділге көшсе, 1678 жылы Очирту-Цецен-ханның жұбайы Доржи-Рабдан да сол жаққа кетті. Ғалдан Аюке-ханнан қашқындарды қайтаруды талап еткенімен, бұл талап орындалмады. Уақыт өте келе Ғалдан ежелгі ойрат одағына кірген тайпаларды толық бағындыруға кірісті. Оның билігін мойындамаған күштер қуғындалып, жойылды. Күшейгеннен кейін Ғалдан Түркістан өңірін өз ықпалына қаратып, Халханы бағындыруға дайындала бастады. 1688 жылы Халхаға жорық ұйымдастыруы Жоңғар хандығы мен Цин империясы арасындағы ірі қақтығыстың басталуына алып келді. Цин үкіметі

бастапқыда дипломатиялық жолмен соғыстың алдын алуға тырысқанымен, Ғалдан Қытай шекараларына басып кіріп, Сюань Ені әскери әрекетке көшуге мәжбүр етті. 1677 жылы Ғалдан алғаш рет Цин империясымен ресми дипломатиялық байланыс орнатып, Пекинге арнайы елшілік жіберді. 1678 жылы Қытай билігі оның Кукунор билеушілеріне қарсы жорыққа дайындалып жатқанын білді. Қытай шекарасына жақын аумақта қақтығыс туу қаупін ескерген Сюань Е Ғалданмен тікелей жанжалдан аулақ болып, бейтарап саясат ұстануға тырысты [1, 148-161-бб].

XVII ғасырдың 80-жылдарының бірінші жартысында Ғалдан Халха жеріндегі Дзасакту-хан Цэнгу мен Тушету-хан Чихунь-Доржы арасындағы феодалдық бақталастыққа белсенді түрде араласты [7]. Осы кезеңде Цин үкіметінің Ғалданға қатысты саясаты біртіндеп қатаң сипат ала бастады. Бұл, ең алдымен, Қытай аумағындағы ойраттардың саудасына байланысты көрінді. 1687 жылдың сәуірінде Ғалдан Пекинге екі хат жолдап, олардың бірінде ойраттардың Қытай жерінде еркін сауда жасауына рұқсат беруді сұрады және мұндай сауданың екі тарапқа да тиімді болатынын атап өтті. Алайда маньчжурлық билік бұл мәселеде өз ұстанымын өзгертпеді.

Ғалданның сановник Араниге жолдаған екінші хаты саяси тұрғыдан маңызды болды. Онда ол Пекин билігінің назарын Халханың жоғарғы діни басшысы Джебдзун-Дамбахутухтың 1686 жылғы бітімгерлік съезд кезінде далай-ламаның өкілі Ғалдан-ширетке қатысты айыптаушылық ұстанымына аударды. Осыдан кейін Ғалдан мен Халханың діни басшысы арасындағы қайшылықтар күшейе түсті. 1687 жылдың маусымында Тушету-хан Чихунь-Доржы Пекинге Ғалданның Джебдзун-Дамбахутухты ламаистік заңдарды бұзды деп айыптаған хаты туралы хабарлады. Қалыптасқан шиеленіске байланысты Сюань Е 1687 жылдың қыркүйегінде Халха мен Жоңғария князьдарына соғыс бастамауға шақырған арнайы жарлық жіберді [1, 167-168-бб].

Бүкіл моңғол жерлерін өз билігіне біріктіруді және Моңғолияның Цин империясының құрамына өтіп кетуіне жол бермеуді мақсат еткен Ғалдан 1688 жылы 30 мыңдық әскерімен Халха жеріне жорық жасады. Ол Тушету-хан Чихунь-Доржы бастаған солтүстік моңғол князьдарының күштерін талқандап, осылайша Цин империясымен тікелей әскери-саяси қақтығысқа түсті [7]. 1688 жылдың тамызында Ғалдан мен Тушету-хан әскерлері арасында шешуші шайқас өтті. Бұған жауап ретінде Пекин билігі әскери күштерін жедел түрде жұмылдыруға кірісті. Осы кезеңде Жоңғарияның өз ішінде де маңызды өзгерістер орын алды. Қазақ жасақтары шекаралық ойрат қоныстарына шабуыл жасап, бірқатар аймақтарды талқандады. Сонымен қатар Ғалданның немере інісі Цеван-Рабдан саяси жағдайды пайдаланып, билікті өз қолына алуға әрекеттенді [5, 53-б].

Халха үшін күрес жалғаса берді. Тушету-хан күштерін қайта жинап, 1688 жылы Сюань Еден әскери көмек сұрады. Цин үкіметі Халха князьдарына ресми түрде империя бодандығын қабылдаған жағдайда ғана әскери қолдау көрсетілетінін жеткізді. Нәтижесінде Халханың ықпалды билеушілері Цин билігін мойындауды тиімді деп санады. 1688 жылдың қыркүйегінде Халха біртіндеп Цин империясының құрамына енгізілді. Осыдан кейін халха-ойрат қақтығысы Жоңғар хандығы мен Цин империясы арасындағы ауқымды соғысқа ұласты. Ғалдан күресті тоқтатудан бас тартты, ал бұл жағдай екі мемлекет арасындағы ірі әскери қақтығыстың басталуын сөзсіз етті. Халха билеушілері Цин империясының бодандығын қабылдағаннан кейін маньчжур билігі Ғалданға қарсы ашық соғысқа бірден бармады. Цин үкіметі Ғалданды Халхадағы қарсыластарымен бітімге келтіру арқылы ойрат әскерлерін бұл аумақтан шығаруды көздеді. Бұл Халханы толық бақылауға алып, Жоңғар хандығына қарсы болашақ жорықтарға дайындалуға мүмкіндік беретін еді. Сондықтан Цин дипломатиясының басты мақсаты Ғалданды Тушету-хан және Джебдзун-Дамбахутухтамен келісімге көндіру болды [1, 172-174-бб].

Қалыптасқан ахуалды талқылағаннан кейін Циннің мемлекеттік кеңесі Тушету-хан ойраттарға қарсы әскери қимылды бірінші болып бастаған деген қорытындыға келді. Осыдан кейін маньчжур билігі уақыт созу тактикасын ұстануға көшті. Олар Тушету-хан мен Ғалданға, тараптардың шынайы бітімге келуі екіталай екенін түсіне отырып, келіссөздерді қайта

жандандыру туралы ұсыныстар жіберді. 1689 жылы маньчжур императоры Ғалданды Цин империясының бодандығын қабылдауға көндіру мақсатында Тибет арқылы дипломатиялық әрекеттер жүргізуге тырысты [8]. 1690 жылдың көктемінде Цин үкіметі Ғалданға қарсы соғысқа дайындықты күшейтті. Сюань Е Ғалдан халхалықтарға қарсы жаңа жорық бастаса, қарулы күш қолдануға бұйрық берді. Сонымен қатар Цин билігі Ғалданға қарсы күштерді қолдай бастады. 1690 жылдың ақпанында Цецен-ханға жіберілген елшілік арқылы Сюань Е Ғалданға сенуге болмайтынын айтып, Халха билеушілерін оған қарсы бірлесіп күресуге шақырды. Өз кезегінде Цецен-хан император қолдауына сенім білдірді [1, 177-б]. 1690 жылдың басында Цин үкіметі Ғалданның жағдайын анықтау үшін Халхаға құпия елшілер жіберді. Жиналған мәліметтер бойынша, Ғалдан Кобдо аймағында әскер жинап жатқанымен, оның көптеген жақтастары Цеван-Рабдан жағына өтіп кеткені және жасақтарының ат-көлік тапшылығын көріп отырғаны анықталды [8].

Орыс-ойрат келіссөздері Пекин билігін алаңдатқанымен, Ресей Ғалданды қолдаудан бас тартты. Ресей мемлекетінің оған әскери көмек көрсетуге мүмкіндігі де жеткіліксіз болды. Осыдан кейін Цин үкіметі 1690 жылдың жазында Ғалданның әскери күшін толық жою қажет деген қорытындыға келді [1, 179-180-бб]. Маньчжур билігі соғысқа дайындық жүргізіп, әскер құрамын күшейтті және халхалықтарға Қытайдан қару алуға рұқсат берді. Ресейдің қолдауына үміттенген Ғалдан Керулен бойымен қозғала бастады. Алайда Пекин билігі Ресейге Ғалданға көмек көрсету 1689 жылғы бітім шартын бұзу болып саналатынын ескертті. Соның нәтижесінде Ресей өкіметі Ғалданның ойрат жасақтарына әскери көмек беруден бас тартты. Ғалданның Маньчжурияға басып кіруі мүмкін деген қауіп Цин билігін батыс шекараларын қорғауға және қарсы шабуылға дайындалуға мәжбүр етті. Тушету-хан мен Дзанабадзар Цин империясының бодандығын қабылдағаннан кейін, маньчжур өкіметі Халханы өз иелігі ретінде қарастыра бастады. Сондықтан Ғалданның бұл аймаққа келуі Цин шекарасын бұзу ретінде бағаланды. Цеван-Рабданның билікті басып алу әрекеттері Ғалданның саяси жағдайын әлсіретіп, оны негізгі тірегінен айырды. Әскерді қамтамасыз ету мүмкіндігінің азаюы тонаушылық жорықтардың күшеюіне алып келді. Халха билеушілерінің Цин бодандығын қабылдауы және Ресеймен бітім қатынастарының орнауы Сюань Еге Ғалданды толық талқандау туралы шешім қабылдауға мүмкіндік берді. 1690 жылдың маусымында Цин империясы Ғалданға қарсы екі ірі армия аттандырды. Бірі Маньчжуриядан Керулен бағытына жылжыса, екіншісі Калган мен Хух-Хото маңынан Туул өзеніне қарай қозғалды. Жорыққа маньчжур, қытай және моңғол жасақтары қатысты. Осы кезде Ғалдан Улдза өзені бойында орналасқан еді. 26 маусымда Арни басқарған циндік корпус оның лагеріне шабуыл жасады. Алайда ойрат жасақтары қарсы шабуыл жасап, Арни әскерін шегінуге мәжбүр етті. Бұдан кейін Ғалдан оңтүстікке қарай жылжып, Шара-Мурэн маңындағы қоныстарға соққы берді [8].

1690 жылғы Улан-Бутун шайқасынан кейінгі жағдайлар мен ойрат-маньчжур қатынастарының одан әрі дамуы жөнінде О.Н.Болдырева мен О.Н.Абееваның «К вопросу о взаимоотношениях императора Канси и Джунгарского хана Галдана (на основании китайского источника)» атты мақаласында кеңінен қарастырылады [10]. Авторлардың көрсетуінше, 1690 жылы ойрат-маньчжур соғысы басталып, Ұлы даладағы ойрат ықпалының күшеюіне алаңдаған Қытай императоры Канси Жоңғар хандығына қарсы әскери әрекеттер ұйымдастырды. 1690 жылдың шілдесінде Канси маньчжурлардың екі армиясын Ғалдан-Бошоқтыға қарсы жорыққа аттандырды. Улан-Бутун шайқасынан кейін Ғалдан Ховд өзені бағытына шегінді. Кейін жоңғар әскерінің жағдайы күрт нашарлады: індеттің таралуы салдарынан әскер саны азайып, Цеван-Рабдан жоңғарлардың мал-мүлкін, азық-түлік қорын және әскери жарақтарын тартып алды. Бұл Жоңғар хандығын ауыр экономикалық дағдарысқа ұшыратты. Мал санының азаюы халықтың тұрмысын төмендетіп, тұрғындар күнкөріс үшін балық аулауға мәжбүр болды. Ғалдан толқулардың алдын алу үшін Хами өңірінде егіншілікпен айналысуға көшті. Осы кезеңде Тибеттен көрсетілген көмек Жоңғарияның шаруашылығын біртіндеп қалпына келтіруге ықпал етті.

1695 жылы шамамен 10 мың адам әскер қатарына алынды. Ғалдан бір жағынан Цин империясымен қатынасты реттеп, сауданы дамытуға тырысса, екінші жағынан Ішкі

Моңғолиядағы ықпалды күштерді өз жағына тартуға әрекет жасады. Осы мақсатта жансыздарын жіберіп, құпия әрекеттер ұйымдастырды. Канси Ғалданның шабуылынан қауіптеніп, шекаралық аймақтардағы қауіпсіздік шараларын күшейтті. Цин билігі Ғалданды әлсірету және қолайлы жағдайда жою саясатын ұстанды, бұл бағытта Цеван-Рабдан белсенді қолдау көрсетті. Соған қарамастан Ғалдан Цин билігімен байланысын үзбей, халха-моңғол мәселелері бойынша келіссөздер жүргізуге тырысты [10, 16-б].

Қалыптасқан ауыр экономикалық және саяси жағдайдан шығуға ұмтылған Ғалдан Цин үкіметінен 1500 лян көлемінде ақшалай көмек сұрады. Бұл шамамен 41 300 рубльге тең қаражат болатын. Ғалдан ішкі аймақтармен сауда байланыстарын сақтау мақсатында түйе керуендерін үздіксіз жіберіп отырды. 1694 жылдан бастап оның құрамында шамамен 2 мың адамы бар елшіліктер мен сауда керуендері жиілей түсті. Бұл Жоңғар хандығының Ішкі Моңғолия экономикасымен тығыз байланыста болғанын көрсетті.

1692 жылы Ғалдан өз елшілері арқылы Моңғолияның оңтүстік өңірлеріне жалған құжаттар таратып, тайпалар арасында алауыздық туғызуға және Цин билігіне қарсы көңіл күй қалыптастыруға әрекет жасады. Мұны білген Канси Ғалданға мұндай әрекеттердің нәтижесіз болатынын ескерткен хат жолдады. Көп ұзамай Ғалданның елшісі Цзирхалангэлун Шалюй Тушету-ханға арнайы хат жеткізіп, оны Цин үкіметіне қарсы көтеріліске тартуға тырысты.

Алайда Биликәту бұл хатты тікелей император сарайына тапсырды. Соған қарамастан тарихи түпдеректерде оның нақты мазмұны сақталмаған. Бұған дейін Улан-Бутуннан шегіну кезінде Шалюй Тушету-хан Ғалданды тоқтату үшін генерал Эйзиерді жібергенімен, ол бұл талапқа бағынбаған еді. Осыдан кейін хорчиндердің Ғалдан жағына өтуі мүмкін деген күдік күшейді. Бұл туралы қытай генералы Сабусу да Кансиге құпия түрде хабарлады. Канси жағдайға алаңдап, Шалюйге сенімсіздікпен қарай бастады. Жаңа жыл қарсаңында сарайға жиналған моңғол князьдары мен тайшыларының алдында император бұл мәселені анықтауға тырысты. Егер күдік негізсіз болса, Шалюйдің беделін қалпына келтіру, ал сатқындық дәлелденсе, ескерту жасау көзделді. Канси өз сөзінде оған сенім білдіретінін ерекше атап өтті. Бұған жауап ретінде Шалюй хан императорға тағзым жасап, Цин билігіне адал екенін мәлімдеді және императордың сенімі мен қамқорлығынан кейін оған қарсы шығуға еш негіз жоқ екенін айтты [18, 17-б]. Шалюй өзіне тағылған күдіктерді жоққа шығарып, императорға адал қызмет ететінін мәлімдеді. Сарайдағы өзге тайшылар да Цин үкіметіне берілгендіктерін білдірді. Бұл жағдай Кансидің ықтимал толқулардың алдын алып, Ғалданның астыртын әрекеттерін әлсірете алғанын көрсетті. 1695 жылы Ғалдан халха-моңғолдарға қарсы екінші жорыққа шыққанда, Шалюйге хат жолдап, барлық моңғол тайпаларын маньчжурларға қарсы біріктіруді көздейтінін хабарлады. Алайда Шалюй бұл хатты император сарайына тапсырды.

Сонымен қатар Ғалдан Ішкі Моңғолияға жансыздарын жіберіп, ақпарат жинауға және халықты бүлікке итермелеуге әрекет жасады. 1694 жылы Цин билігі бірнеше жансызды қолға түсіріп, олар кейін Пекинде өлім жазасына кесілді. Байланыс жүйесінің әлсіреуі салдарынан Ғалдан Канси әскерінің солтүстік жорығы туралы дер кезінде мәлімет ала алмады. Ал Цин үкіметі Ғалданды жою саясатын күшейтіп, Цеван-Рабданмен байланыс орнатуға кірісті. 1692 жылы Канси өзінің штаттан тыс көмекшісі Ма Диді Цеван-Рабданға арнайы тапсырмамен жіберді. Ма Ди 11 тамызда Хами уезіне жеткенімен, кейін оны 500 моңғол жауынгері өлтірді. Алайда бұл жасақтың нақты кімдерге тиесілі болғаны белгісіз күйінде қалды. Канси бұл хабарды алғаннан кейін Ғалданға хат жолдап, оны оқиғаға қатысы бар деп айыптады және болған жағдайды түсіндіруді талап етті. Ғалдан жауап хатында өзіне тағылған айыптарды мойындамады. Алайда Канси оның түсініктемелеріне сенбей, бірнеше рет кінәлілерді анықтап, жазалауды талап етті. Соған қарамастан Ғалдан өз кінәсін жоққа шығарумен болды. Өлтірушілердің нақты кім болғаны тарихи түпдеректерде анық көрсетілмеген. Циннің ресми жазбаларында шабуылды Ғалданның адамдары жасады делінсе, қазіргі зерттеушілер бұл пікірді біржақты тұжырым деп бағалайды. 1693 жылы Канси Ғалданның ауыр экономикалық жағдайда қалғаны туралы мәлімет алды. Осыған байланысты ол Ғалданға хат жолдап, ішкі аймаққа келсе, сыйлықтар берілетінін айтып, қорықпауға шақырды. Канси бұл әрекет арқылы қарсыласын өзіне тәуелді етуді көздеді. Ол Ғалданға он орама атлас жібергенімен, Ғалдан

сыйлықтарды қабылдап, Цин билігінің астыртын мақсатын түсініп, олардың ықпалына түспеді. Канси Ғалдан Цин үкіметін әдейі алдап отыр деген қорытындыға келіп, саяси тактикасын өзгертті. 1694 жылдың мамырында ол ойраттар мен халхалар арасындағы мәселелерді тікелей келіссөз арқылы шешуді ұсынып, Ғалданға кездесу орны мен уақытын белгілеуді тапсырды. Алайда Ғалдан бұл ұсыныстан да бас тартты. Ол Кансидің шынайы мақсатын түсініп, Цин билігінің жоспарын жүзеге асырмады. Үшінші шығыс жорығы кезінде Ғалдан нақты әскери жоспар құрмаса да, Цин жағына шығудан бас тартты. Қарсыластарын жаңылыстыру үшін ол Керулен маңынан Хорчи бағытына қарай қозғалып, хабаршыларға жаяу жүруді бұйырды. Бұл оқиғалар Канси Ғалданды өз жағына тарта алмағанын көрсетеді [10, 17-19-66].

Осылайша Ғалданның шығыс бағытындағы алғашқы жорығы сәтсіз аяқталды. Оның ауыр жағдайы туралы хабар Пекинге жеткеннен кейін Сюань Е Жоңғар хандығына қарсы соғысқа дайындықты күшейтті. Сонымен қатар Халханы Цин империясының құрамына ресми енгізуді заңдастыру үшін Долоннор съезіне дайындық жүргізілді [1, 188-6]. 1691 жылдың мамырында Долоннорда өткен съезде Халханың Цин империясының құрамына қосылуы ресми бекітілді. Қабылданған шешім бойынша Халха Оңтүстік Моңғолиядағы 49 ту сияқты Циннің әкімшілік жүйесіне енгізілуі тиіс болды. Съезд қорытындысы туралы Сюань Е далай-ламаға арнайы хат жолдап, Тибетке көшкен моңғолдарды бұрынғы қоныстарына қайтару мәселесін көтерді [8].

1692 жылдың жазында Сюань Енің сенімді адамдарының бірі Илагугсан-хутухта Ғалдан жағына өтіп, Кобдо өңіріне қоныс аударды. Алайда бұл кезеңде Ғалданның жағдайы күрделі еді. Цеван-Рабдан оны Жоңғарияның негізгі аумағынан бөліп тастап, бұрынғы иеліктеріне оралуына қарсылық көрсетуге дайын болды. Сонымен қатар Кукунордағы ойрат князьдары да оған қолдау білдірмеді. Халха өңірі күйзеліске ұшырап, халық жан-жаққа көшіп кеткендіктен, Ғалданның билігі іс жүзінде Кобдо аймағымен ғана шектелді [1, 189-6].

1691 – 1692 жылдары Ғалдан Иркутск, Нерчинск, Тобыл және Москваға бірнеше елшілік жіберіп, өзіне одақтас іздегенімен, бұл әрекеттер нақты нәтиже бермеді. 1692 жылдың күзінде ол Пекинге хат жолдап, Тушету-хан мен хутухты өзіне беруді талап етумен қатар, халхалықтарды бұрынғы қоныстарына қайтару мәселесін көтерді. 1693 жылы Цин билігі Ғалданға тағы да бодандықты қабылдауды ұсынды. Осы кезеңде оның жағдайы әлсірей түсіп, қарамағындағы адамдар Цин иеліктеріне өте бастады. 1694 жылы Бабай-тайшы да оны тастап кетті. 1695 жылы Ғалданның Тибетке өтуге әрекет жасап жатқаны туралы хабар тарағаннан кейін, Цин билігі Ганьсу провинциясында әскер орналастырып, оның жолын кесуге дайындалды.

1694 жылдан бастап маньчжур билігі моңғолдар мен буддист халықтар арасында Ғалданға қарсы үгіт жүргізіп, оның «Цзонхава заңдарын бұзып, ислам дінін қабылдады» деген қауесеттер таратты. 1695 жылдың қыркүйегінде Тамир өңірінде маньчжур барлаушылары Ғалдан көшіне тап болып, екі жақ арасында қақтығыс болды. Осыдан кейін Цин билігі Ғалданның оңтүстікке өту жолдарын жабу үшін әскер жіберіп, Кундэлен-гол мен Эдзин-гол жайылымдарын өртеді. Сол жылдың қазанында Ғалдан Керуленнің жоғарғы ағысына жетіп, кейін Туул бойымен қозғалды. Осы жерде оның селенгілік тілмаш Гурий Уразовпен кездесуі «орыстар Ғалданға әскери көмек бермек» деген қауесеттердің таралуына себеп болды [8]. 1695 жылдың қазанында Сюань Е Ғалданға қарсы екі бағыттан жорық ұйымдастырды. Алайда қатты қыс Цин әскерлерінің қозғалысын уақытша тоқтатты. Осы кезеңде Ғалданның көптеген жақтастары Цеван-Рабдан жағына өтіп кетті. 1696 жылдың көктемінде Цин армиясы жорықты қайта жалғастырып, мамыр айында Ғалдан ордасына жақындады. 13 мамырда Тэрелж өзені мен Дзун-Мод маңында шешуші шайқас өтіп, Ғалдан әскері ауыр жеңіліске ұшырады. Ол әскерінің негізгі бөлігінен айырылып, өзі тұтқыннан әрең құтылды. Дзун-Мод шайқасы бірінші ойрат-маньчжур соғысының нәтижесін анықтаған шешуші оқиға болды [8], [9].

Цин империясының әскері кейін шегінгенімен, көп ұзамай Ғалданның қайтадан өз төңірегіне адамдар жинап жатқаны туралы мәлімет алды. Осыған байланысты Сюань Е жаңа әскер жіберуге асықпай, Ғалданның Халханың батыс бөлігіндегі ауыр жағдайын пайдаланып,

оны толық қоршауда ұстау және оқиғалардың әрі қарай дамуын күту тактикасын таңдады. Ғалдан қарамағындағы адамдардың киіз үйсіз қалуы, мал санының күрт азаюы және қыс мезгілінің басталуы ойрат билеушісінің жағдайын одан әрі қиындатып жіберді. 1696 жылдың қыркүйегінде Сюань Е Ғалданға Цин империясының бодандығын қабылдау жөнінде тағы да хат жолдады. Ал қараша айында император қазынаға тұтқынға түскен әрі құлға айналған ойраттардың шаруашылықтарын сатып алу туралы тапсырма берді. Осыдан кейін Ғалдан мен оның жақтастарына Цин бодандығын қабылдаған жағдайда отбасыларымен қайта қосылатындығы жөнінде уәде беріліп, арнайы үндеу хат жіберілді. Алайда Ғалдан бұл хаттардың ешқайсысына жауап берген жоқ. 1696 жылдың қараша айында Сюань Е Ғалданның жанында бірнеше жүз ғана адамның қалғаны жөнінде мәлімет алды [1, 198-б].

1696 – 1697 жылдардың қысында Ғалдан толық қоршауда қалды. Шығыс пен оңтүстік бағыттарда оның жолын циндік әскерлер бөгесе, батыс жағынан Цеван-Рабданның күштері қысым көрсетті. 1697 жылдың қаңтарында Хами аймағында аң аулау кезінде Ғалданның үлкен ұлы Цебден-Бальжир қолға түсіп, Цин армиясының қолбасшыларына жеткізілді. 1697 жылдың наурызында Цин әскерлері Ғалдан ордасына қарсы жалпы шабуыл бастады. Осы уақытта Сюань Е оған берілу туралы ұсынысты тағы да жолдады. Бірақ бұл хабар Ғалданға тірі кезінде жетпей қалды. И.Я.Златкиннің пікірінше, Ғалдан 1697 жылдың 13 наурызында қайтыс болған [1, 199-б]. Ал басқа деректерде оның қазасы осы жылдың мамыр айында болғаны айтылады [8]. Ғалдан Ача-Амтатай шаткалында ауыр күйзеліске ұшырап, 52 жасында дүниеден өтті. Оның денесі қорланудың алдын алу мақсатында дереу өртелді. Ғылымда Ғалданның нақты қалай қайтыс болғаны жөнінде әртүрлі көзқарастар сақталған. Ғалданның қазасы әскери қақтығыстардың тоқтауына алып келді. Соғыс нәтижесінде Цин империясы жеңіске жетіп, Халха оның құрамына қосылды. Алайда Жоңғар хандығы дербес моңғол мемлекеті ретіндегі өмір сүруін жалғастыра берді [1, 200-б]. Сонымен қатар Ғалданның өлімінен кейін қазақ-жоңғар қатынастарының жаңа кезеңі басталды [5, 53-б].

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу негізінде бірнеше қорытынды жасауға болады. Ғалдан-Бошоқты XVII ғасырдың соңғы отыз жылындағы Орталық Азия тарихындағы аса ірі саяси тұлғалардың бірі болды. Оның жүргізген саясаты Жоңғар хандығының аймақтық ықпалын күшейтуге, моңғол жерлерін біріктіруге және Цин империясына қарсы бағытталған саяси ұстанымды жүзеге асыруға арналды. Алайда бірқатар ішкі және сыртқы факторлар Ғалданның жеңілісіне алып келді.

Ішкі саяси тұрақсыздық, әсіресе Цеван-Рабданның бүлігі, Жоңғар хандығының негізгі саяси тірегін әлсіретті. Сонымен қатар Халха хандарының Цин империясының бодандығын қабылдауы Ғалданның аймақтық қарсыластармен ғана емес, қуатты империямен тікелей қақтығысуына себеп болды. Ресей мемлекетінің нақты әскери қолдау көрсетуден бас тартуы да оның дипломатиялық жоспарларының жүзеге аспауына ықпал етті. Экономикалық дағдарыс пен ұзаққа созылған соғыстар Жоңғар хандығының әскери мүмкіндіктерін шектеді. Ал Цин империясының Цеван-Рабданмен жүргізген стратегиялық ынтымақтастығы мен Ғалданды оқшаулау саясаты да өз нәтижесін берді.

Ғалданның қазасы Жоңғар хандығының толық жойылуын білдірмегенімен, Халханың Цин империясының құрамына енуіне және ойрат-маньчжур қатынастарының жаңа кезеңге өтуіне жол ашты. Бұл оқиғалар Орталық Азиядағы геосаяси үдерістердің кейінгі дамуына елеулі ықпал жасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства 1635–1758. – М., 1983.
2. Балданмаксарова Е.Е. Образ джунгарского Галдан-Бошоку-хана в романе «Орел, парящий в небе» монгольского писателя Б. Догмида // Вестник СПбГУ. Востоковедение и африканистика. – 2023. – Т. 15. – Вып. 4. – С. 660–672. DOI: 10.21638/spbu13.2023.403.
3. Джунгарское ханство [электронный ресурс]. – URL: <https://fb.ru/article/351995/djungarskoe-hanstvo-proishojdenie-i-ist> (дата обращения: 18.05.2026).

4. Черненко В., Арынгазин Р. Имена в истории Казахстана: правители Джунгарского ханства в XVII–XVIII веках [электронный ресурс]. – URL: <https://web.archive.org/web/20090415033418/http://www.kyrgyz.ru/?page=317> (дата обращения: 18.05.2026).
5. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи в XVII–XVIII вв. – А., 1991. – С. 238.
6. Кычанов Е.И. Повествование об ойратском Галдане Бошокту-хане. – 2-е изд., испр. и доп. – Элиста: Калм. кн. изд-во, 1999. – 208 с.
7. Гурьевич В.П. Международные отношения в Центральной Азии. – М., 1983.
8. Джунгарское ханство [электронный ресурс]. – URL: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/1595115> (дата обращения: 18.05.2026).
9. Бобров Л.А. Реконструкции трех основных сражений ойрато-маньчжурской войны 1688–1697 гг. [электронный ресурс]. – URL: <https://web.archive.org/web/20140714222149/http://www.nutug.ru/histori/bitva.htm> (дата обращения: 18.05.2026).
10. Болдырева О.Н., Абеева О.Н. К вопросу о взаимоотношениях императора Канси и Джунгарского хана Галдана (на основании китайского источника) // Вестник Калмыцкого университета. – 2019. – №1(41).

REFERENCES

1. Zlatkin I. Ya. (1983) *Istoriya Dzhungarskogo khanstva 1635–1758* [History of the Dzungar Khanate 1635–1758]. Moscow. (In Russian)
2. Baldanmaksarova E. E. (2023) *Obraz dzhungarskogo Galdan-Boshoktu-khana v romane «Orel, paryashchiy v nebe» mongolskogo pisatelya B. Dogmida* [The image of the Dzungar Galdan-Boshoktu Khan in the novel «The Eagle Soaring in the Sky» by Mongolian writer B. Dogmid] // *Vestnik SPbGU. Vostokovedeniye i afrikanistika*, Vol. 15, No. 4, pp. 660–672. DOI: 10.21638/spbu13.2023.403. (In Russian)
3. Dzhungarskoe khanstvo [Dzungar Khanate]. Retrieved from: <https://fb.ru/article/351995/djungarskoe-hanstvo-proishojdenie-i-ist> (accessed: 18.05.2026). (In Russian)
4. Chernenko V., Aryngazin R. *Imena v istorii Kazakhstana: praviteli Dzhungarskogo khanstva v XVII–XVIII vekakh* [Names in the history of Kazakhstan: rulers of the Dzungar Khanate in the 17th–18th centuries]. Retrieved from: <https://web.archive.org/web/20090415033418/http://www.kyrgyz.ru/?page=317> (accessed: 18.05.2026). (In Russian)
5. Moiseyev V. A. (1991) *Dzhungarskoe khanstvo i kazakhi v XVII–XVIII vv.* [Dzungar Khanate and Kazakhs in the 17th–18th centuries]. Almaty, p. 238. (In Russian)
6. Kychanov E. I. (1999) *Povestvovaniye ob oyratskom Galdane Boshoktu-khane* [A narrative about the Oirat Galdan Boshoktu Khan]. 2nd ed. Elista: Kalmytskoe knizhnoe izdatelstvo, 208 p. (In Russian)
7. Guryevich V. P. (1983) *Mezhdunarodnyye otnosheniya v Tsentralnoy Azii* [International relations in Central Asia]. Moscow. (In Russian)
8. Dzhungarskoe khanstvo [Dzungar Khanate]. Retrieved from: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/1595115> (accessed: 18.05.2026). (In Russian)
9. Bobrov L. A. *Rekonstruktsii trekh osnovnykh srazheniy oyrato-manchzhurskoy voyny 1688–1697 gg.* [Reconstructions of the three main battles of the Oirat-Manchu war of 1688–1697]. Retrieved from: <https://web.archive.org/web/20140714222149/http://www.nutug.ru/histori/bitva.htm> (accessed: 18.05.2026). (In Russian)
10. Boldyreva O. N., Abeyeva O. N. (2019) *K voprosu o vzaimootnosheniyakh imperatora Kanshi i Dzhungarskogo khana Galdana (na osnovanii kitayskogo istochnika)* [On the relationship Kanshi i Dzhungarskogo khana Galdana (na osnovanii kitayskogo istochnika)]

between Emperor Kangxi and Dzungar Khan Galdan (based on a Chinese source)] // *Vestnik Kalmytskogo universiteta*, No. 1(41). (In Russian)

ДЖУНГАРСКОЕ ХАНСТВО В ПЕРИОД ГАЛДАН-БОШОКТУ И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРОТИВОРЕЧИЯ

Камиева Г.Б.

Yessenov University, Актау, Казахстан

e-mail: alpakon02092000@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается политическая история Джунгарского ханства в последние десятилетия XVII века через деятельность Галдан-Бошокту-хана. Основное внимание уделяется внутренней и внешней политике джунгарского правителя, его мерам по укреплению центральной власти, а также дипломатическим отношениям с Российским государством и империей Цин. В работе анализируются обстоятельства прихода Галдана к власти, процесс централизации Джунгарского ханства, военные кампании в Восточном Туркестане и на территории Халхи, а также причины возникновения и развитие вооруженного противостояния с империей Цин. Результаты исследования показывают, что геополитический курс Галдан-Бошокту носил многовекторный характер. С одной стороны, джунгарский правитель стремился урегулировать отношения с Россией и добиться взаимовыгодных соглашений по вопросу сбора ясака, с другой стороны — проводил активную политику военного и политического противодействия Цинской империи. Поход Галдана на Халху в 1688 году стал важным этапом, приведшим к масштабной ойрато-маньчжурской войне. Сражения при Улан-Бутуне в 1690 году и Дзун-Моде в 1696 году рассматриваются как ключевые события, оказавшие решающее влияние на исход войны между Джунгарским ханством и империей Цин.

В статье также отмечается, что поражение Галдана было обусловлено рядом внутренних и внешних факторов, среди которых особое место занимали выступление Цэван-Рабдана против Галдана, переход халхасских ханов под власть Цинской империи, а также экономическое ослабление Джунгарского ханства в условиях продолжительных военных конфликтов. Исследование способствует более глубокому изучению геополитических процессов в Центральной Азии конца XVII века и расширяет представления о роли Галдан-Бошокту в истории региона.

Ключевые слова: Галдан-Бошокту, Джунгарское ханство, империя Цин, Халха, ойрато-маньчжурская война, геополитические противоречия, сражение при Дзун-Моде.

THE DZUNGAR KHANATE DURING THE PERIOD OF GALDAN-BOSHOKTU AND GEOPOLITICAL CONTRADICTIONS

G. Kamieva

Yessenov University, Aqtau, Kazakhstan

e-mail: alpakon02092000@mail.ru

Abstract. The article explores the political history of the Dzungar Khanate in the final decades of the seventeenth century through the activities of Galdan-Boshoktu Khan. Particular attention is devoted to his domestic and foreign policies, the measures undertaken to consolidate central authority within the khanate, and the development of diplomatic relations with the Russian state and the Qing Empire. The study examines the circumstances surrounding Galdan's accession to power, the process of political centralization in the Dzungar Khanate, his military expeditions to East Turkestan and the Khalkha territories, as well as the origins and progression of large-scale military confrontations with the Qing Empire. The findings of the research indicate that Galdan-Boshoktu's geopolitical strategy

was multidirectional in nature. On the one hand, he attempted to establish pragmatic and mutually advantageous relations with Russia, particularly concerning the issue of yasak collection. On the other hand, he pursued an active policy of military and political rivalry against the Qing Empire. Galdan's 1688 campaign against Khalkha became a turning point that eventually developed into a major Oirat-Manchu conflict. The battles of Ulan-Butun in 1690 and Dzun-Mod in 1696 are regarded as decisive military engagements that significantly influenced the outcome of the war between the Dzungar Khanate and the Qing Empire.

The article further argues that Galdan's defeat resulted from a combination of both internal and external circumstances, including the revolt of Tsevan-Rabdan, the submission of the Khalkha rulers to Qing authority, and the growing economic difficulties experienced by the Dzungar Khanate during prolonged warfare. The study contributes to a broader understanding of the geopolitical processes in Central Asia at the end of the seventeenth century and highlights the historical role of Galdan-Boshoktu in regional politics.

Keywords: Galdan-Boshoktu, Dzungar Khanate, Qing Empire, Khalkha, Oirat-Manchu War, geopolitical contradictions, Battle of Dzun-Mode.